

**"Қазақстан Республикасында бәсекелестікті қорғау мен дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 22 маусымдағы № 938 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 26 қыркүйектегі № 361 Жарлығы.

**ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. "Қазақстан Республикасында бәсекелестікті қорғау мен дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 22 маусымдағы № 938 Жарлығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасында бәсекелестікті қорғау мен дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамаға қосымшада:

реттік нөмірі 1-жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"

1-1.	1-1-іс-шара. Биржадан тыс мәмілелерді тіркеуді қамтамасыз ету және тиісті жауапкершілікті бекіту	Бұйрық	2025 жылғы IV тоқсан	СИМ
------	--	--------	-------------------------	-----

”;

реттік нөмірлері 2 және 15-жолдар алып тасталсын;  
реттік нөмірі 17-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

17.	17-іс-шара. Мемлекеттік кәсіпорындарды, акцияларының ( ) жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғаларды және олармен үлестес заңды тұлғаларды жекешелендіру жөнінде ұсыныстар енгізу	ПӘ-ге ұсыныстар	IV тоқсан, жыл сайын	БҚДА
-----	--	-----------------	-------------------------	------

”;

реттік нөмірі 21-жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"

21-1.	21-1-іс-шара. Бірыңғай операторлардың санын азайтуға бағытталған Заң жобасын әзірлеу	Заң жобасы	2023-2025 жылдар IV тоқсан	БҚДА
-------	---	------------	----------------------------	------

";

реттік нөмірі 22-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

22.	22-іс-шара. Квазимемлекеттік сектор субъектілері үшін рұқсат етілген қызмет түрлері тізбесінің жаңа форматын қалыптастыру	ПӘ-ге ақпарат	2024 жылғы II тоқсан	БҚДА
-----	--	---------------	----------------------	------

";

реттік нөмірі 31-жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"

31-1.	31-1-іс-шара. Электр энергиясының бөлшек сауда нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі, сондай-ақ осы нарықта қызмет көрсету қағидаларына тұтынушының электр энергиясын берушіні ауыстыру рәсімінен өтуіне жұмсалатын жұмыс күндерінің санын кезең-кезеңімен қысқарту бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу	Бұйрық	2025 жылғы IV тоқсан	ЭМ, БҚДА, "ЭҚРҚО" АҚ (келісім бойынша)
-------	--	--------	----------------------	--

".

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Қ.Тоқаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК